

# ЖАРКЕНТ

## Айнасы

№1 (4), 11 қаңтар, жұма, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

### «ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ – ТАРИХИ ЖЕҢІС»



**Жаңа жылда  
Жаркент жері  
жетістікке толы  
болғай!**

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары!

Оқырмандар қажетіне жарасын деп ашқан газетіміздің жаңа нөмерінде Жаркентімнің жеріне қарай жаралған жан дүниесі бай жерлерімізді жаңа жылмен құттықтаймыз!

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы қазіргі біздің газет бетінде көтеріп отырған мәселелерімізге бағыт-бағдар бергендей. Біздің «Жаркент айнасы» газетінің түпкі мақсаты:

- Біріншіден, жерінді сүйуге;
- Екіншіден, еліңді сүйе, сол арқылы оның қып-қызыл күреске, қасіретке толы тарихын, ең бай ауыз әдебиетін, өзге елге ұқсамайтын, жат жұрттықтарды таң қалдыратын мәдениетін сүйуге үйрету.

Жаркент жері десе жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жаңашылдыққа жаны құмар, күні шуақты, жері қуатты Жаркент азаматтары: аудандық су шаруашылығының бастығы Керімқұлов Тоқтарбайға, кәсіпкер Көдеков Амантайға, «Қамқорлық» ЖШС-ның төрағасы Жолдасов Әленге, жанашыр бауырымыз Азат Жақыбайға және ұстаздар арасында газетімізге жазылуға насихат жүргізген мектеп директорларына, ұстаздарға, кітапханашыларға зор алғыс білдіреміз!

Газетіміздің рухани тірегіне айналған белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы мен белгілі ақын, этнограф, ұлағатты ұстаз – Әдепхан Төреханұлына да айтар алғысымыз бен құрметіміз шексіз.

Келген жаңа жыл әр шаңыраққа құт боп кіріп, өткенін ардақтап, болашағына сеніммен қарайтын халқымызға береке, бірлік, амандық, саулық әкелсін! Жаңа жылда Жаркент жері жетістікке толы болғай!

**Молот СОЛТАНАЕВ,**  
ақын, ҚР Білім беру ісінің үздігі,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі,  
«Жаркент айнасы» газетінің  
Бас редакторы.

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасы аясында Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен «Орбұлақ шайқасы – тарихи жеңіс» атты әдеби-тарихи сағат болып өтті.**

**Шараны өткізудегі мақсатымыз – өскелең ұрпақтың бойына рухани жаңғыруды, патриоттық сананы сіңіріп, өз елі мен жерінің тарихын жетік білуге, атамекенінің өткенін көзінің қарашығындай сақтап, құрметтеуге тәрбиелеу.**

Кештің құрметті қонағы болып әдебиет әлемінде өзінің өрнегімен, толысқан талантымен танылған қарымды қаламгер, қазіргі қарбалас, қысылтаяң, алмағайып, аласапыран уақыттың дүрмегіне ілесіп бекер босқа жалтақтамай, ұлтының ұпайын түгендеп, жоғалтқанын тауып, ұмытқанын есіне түсіріп, халқына қалтықсыз қызмет етіп, қасиетті тарихи мекеніміз Орбұлақ мәселесін көтеріп жүрген белгілі жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің, «Мұқағали Мақатаев» сыйлығының иегері, Алматы облысы мен Панфилов ауданының Құрметті азаматы, қоғам қайраткері Бексұлтан Нұржекеұлы ағамыз келіп, Орбұлақ шайқасының тарихи маңызына тоқталып, Орбұлақ жеңісі – қазақ халқының ерекше ауызбірлігі мен біртектілігі, көзсіз батырлығы мен қаһармандылығы, соғыс майданындағы біліктілігі мен ор қазу әдісіне машықтануы жайында ұзын-сонар деректі әңгімелер айтқаны нұр үстіне нұр болды.

Келесі сөзді алған «Алматы облысының Құрметті азаматы», «Панфилов ауданының Құрметті азаматы», жоғарғы санатты ұстаз, Қазақ КСР-і халық ағарту ісінің үздігі, «Ы.Алтынсарин медалінің» иегері, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталған, ақын, этнограф, жазушы, тарихшы ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Жақыбаев Әдепхан Төреханұлы Бексұлтан ағамыздың келгеніне ризашылығын білдіріп, «Орбұлақ жеңісі – қазақ халқының ерекше тарихи мақтанышы. Орбұлақ дегенде, ең әуелі есімізге түсетіні – осы жеңістің еш теңдесі жоқ тарихи оқиға екендігі», – деп атап өтті. Осының дәлелі ретінде ақын ағамыздың «Ордың бұлағы» атты өлеңін Үлкеншыған орта мектебінің түлегі Қабылбекова Ақпейіл нақышына келтіріп оқып берсе, өзінің бала жүрегінен жарып шыққан «Қазағымның Орбұлағы» атты өлеңін Ақжазық ауылы, Жамбыл орта мектебінің 7 сынып оқушысы Қалинұр Айғаным келген қонақтарға тарту етті. А.В.Луначарский атындағы орта мектептің 8 сынып оқушылары Орбұлақ жайындағы әдеби монтажға қатысты.

Мәдениет саласының қызметкерлері Еркебұлан Қонашев, Жұлдыз Найзабекова, Ерқанат Закинов сынды азаматтарымыз шараның тартымды өтуіне өз үлестерін қосты.

Тарихи сағаттың екінші бөлімінде Бексұлтан Нұржекеұлы және Әдепхан Төреханұлының қолдауымен өзіміздің ауданымыздан шығатын, директоры талантты жас жазушы, жерлесіміз – Дархан Бейсенбекұлы, бас редакторы – Молот Солтанаев, бас редактордың орынбасары – Қали Ибрайымжанов ағаларымыздың «Жаркент

айнасы» атты қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газетінің тұсаукесері болды.

Осы орайда сөз кезегі ақын, ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 25 жыл», «Еңбек Ардагері» медальдарының иегері, ҚР Журналистер одағының мүшесі Солтанаев Молот Мұсаұлына беріліп, ол: «Қасиетті атамекеніміздің көне тарихы мен жәдігерлерін, өткені мен бұрынғысын, өңірімізде өркениет жайып жойылып кеткен көне қалаларымыздың, онда өмір сүрген тайпалардың тұрмыс салты, мәдениеті және осы өңірден шыққан ақындар, батырлар, күйшілер, шешендер, айтыс ақындары, суретшілер, шежірелер, қолөнер шеберлері, зергерлері, ауыз әдебиетінің небір сұңғылалары жайлы баяндайтын бұл газеттің айтары да берері де таусылмақ емес», – деді. Сондай-ақ осы аталған шараға қатысқан тарихшы Ибрайымжанов Қали, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Кушербаева Толқын Ерболқызы және кәсіпкер жерлесіміз Көдеков Амантай сынды азаматтарымыз жылы лебіздерін білдірді.

Қорытынды сөзді алған Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасының директоры Султанбекова Дария Бекжігітқызы келген қонақтарға оның ішінде жерлесіміз, дара тұлға жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы ағамызға шексіз алғысын білдіре отырып, қазақтың үкілі домбырасын сыйға тартты.

**Кенже ИЛИМАХУНОВА,**  
Панфилов ауданы.

# АТ МІНГЕНІМІЗГЕ - БЕС МЫҢ ЖЫЛ

**Қасиетті қазақ жері бұдан 4-5 мың жыл бұрын адам баласының ежелгі мәдени орталығының біріне айналды. Сонымен, ежелгі қазақ жері ата-бабаларымыздың алғашқы тіршілік ошағы және қазіргі Қазақ елінің аумақтық территориясы, олардың тікелей кейінгі ұрпақтарының төл Отаны екендігі ғылыми зерттеулер арқылы анықталып отыр. Осы тұрғыда жазылған дүниелер аз болған жоқ. Десе де, Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласын оқығаннан кейін ел мен жердің өткені мен бүгініне аз-кем тоқталып, өзіміздің ойымды қоса кеткім келді.**

Біздің арғы бабаларымыз адамзат тарихындағы алғаш малды қолға үйретушілер қатарында, оның ішінде, жылқыны шамамен б.з.б. 3000 жыл бұрын Солтүстік және Орталық далалық аймақтарында қолға үйретіп, мініс пен күш көлігі ретінде пайдаланды. Әлемде алғаш рет екі доңғалақты арбаны ойлап тауып, ат әбзелдерін өздері жасап, заман талабына қарай жетілдіріп отырған. Сонда Ұлы Далада ат үйретіп, көлік ретінде мініп, азық ретінде пайдаланып жүргенімізге шамамен бес мың жыл толып отыр.

«Андронов мәдениеті» заманында ғұмыр кешкен ұлыстардың ең белгілілері – арийлер мен тур тайпалары болған. Негізінен мал өсірумен айналысқан. Әсіресе, ұшқыр тұлпарларды ерекше қадірлеген. Жылқыны қолға үйретіп, атқа міну мәдениетін дамытқан арғы бабаларымыз өз заманында үлкен үстемдікке ие болып, тарих көшінде өшпес із қалдырды. Мемлекеттік рәміздің бірі - Елтаңбамыздағы қанатты тұлпар - сол киелі дәстүрдің айшықты белгісі.

Адам баласы алғаш пайдаланған металдың мыс болғандығын тарихтан білеміз. Бабаларымыз б.з.б. 2000 жыл бұрын мыс пен қалайыны қосып қорытып, қола өндіруді игерді. Мыс өндірудің ежелгі орталығы қазіргі Жезқазған қаласының маңайы болса (100 мың тонна мыс өндірген), қалайының кен орындары Нарын мен Қалба жоталары болды. Металл өндіру мен өңдеу технологияларының жетілдірілуі адамзат дамуының үрдісіне жан-жақты әсер етіп, үлкен бетбұрыс әкелді.

Сол дәуірлерде өмір сүрген – арийлер, турлар, асылар және дахтар өздерінің тікелей ұрпақтары – Сақ ұлысының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Жаңа дәуір басталып, жай отындай жарқылдаған сақтар тарих сахнасына шықты. Аталмыш дәуірде ұлан-байтақ Қазақ жері еуразиялық көшпелі үштіктің – қарулардың классикалық үлгілері, ат әбзелдері, бұйымдардағы скиф – сибірлік аң стилінің кең таралған орталығы болды. Сақтардың алтынға бай екендігін естіген жұрттар жағаларын ұстайтын. Алтын бұйымдардың ерекшелігіне байланысты оған зергерлік өнердегі «Аң стилі» деген атау берілген.

1969 жылы Есік қорғанынан табылып, әлемдік деңгейде дәріптеліп жүрген «Алтын адам» - ұлт пен мемлекет тарихындағы баға жетпес асыл қазынамыз. Бабаларымыздың асқақ рухы мен талғам-тәлейінің мәңгілік айқын көрінісі.

Көшпелі түркілердің тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі белгілерінің ерекшеліктері тек қазақ ұлтында ғана сақталғаны мәлім. Сол үшінде қазіргі қазақтар түркілердің тікелей ұрпағы екендігі даусыз. Түркі жұртының Алтайдан өрбитін өмір тарихы б.з.б. IV-V ғасырлардан бастау алады. Мал-жанға жайлы қоршаған ортасы мен табиғи және жануарлар дүниесінің байлығы адамзаттың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай жасаған. Алтай – Түркі халықтарының өсіп-өнген киелі атажұрты.



Адамзат баласы өркениетінің теңдессіз тарихи ескерткіші болған Ұлы Жібек жолының шежіресі б.з.б. I ғасырдың ортасынан басталады. Құрлықтарды жалғаған бұл жол сол аймаққа кіретін мемлекеттердің экономикалық және мәдени саладағы өсіп-өркендеуіне теңдессіз үлес қосты. Ол ежелгі Қытай жеріндегі Хуанхэ өзенінің аңғарындағы Чаньан қаласынан бастау алып, қазақ жерінен өткен соң, Қара теңіздің солтүстік шығысын айналып, Еуропаға ат басын тіреген. Аталмыш жолдың кең құлаш жайып өркендеуі сауданың, мәдениеттің және халықаралық қатынастардың дамуында да тарихи рөлі зор болды. Заман ағымына сай керуен жолдарына таяу орналасқан тұрақты қыстаулар – кент және қалаларға айналып отырды. Уақыт өте келе, көрші аймақтар мен алыс шетелдерден сан алуан тауарын тиеген сауда керуендері келе бастаған. Оларға ілесіп дүниенің төрт бұрышынан өздерінің діни, саяси мақсаттарын жүзеге асыруға асыққан буддизм мен зорастризм, христиандықты таратушы миссионерлер селдей ағылды. Демек, Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде түрлі мәдениеттердің тоғысып, бір-бірімен етене араласуына тарихи мүмкіндік туды. Қазақтың сайын даласында отырықшы және көшпелі тайпалардың жан-жағындағы шекаралас

және шалғайдағы елдермен де тең дәрежеде қарым-қатынас жасауының барқасында адамзат қоғамының ежелгі өркениетінің басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекше төл мәдениетін қалыптастырды.

Қазақтың қасиетті Алатауының қойны толған құт-береке, өзен-көлі, тау-тасы, жан-жануары мен өсімдік әлемі, тұнып тұрған табиғи байлығын айтып тауысу мүмкін емес-ау, сірә? Дәмі тіл үйіреп алмасы мен көздің жауын алар қызғалдағын айтсаңшы. Көптеген ғалымдар зерттеуі бойынша алма мен қызғалдақтың шығу түп-тегі осы бір қасиетті мекен екендігі мәшһүр болып, әлемдік деңгейде мойындалды. Мінекей, ағайын, Елбасы айтып, дәріптеп, ұрпаққа ұлағат етіп отырған «Ұлы Даланың жеті қыры» – еліміздің жеті кереметі! Арғы тегі Сақтан тарайтын, бергі жағы түркі әлемінің қара шаңырағы, алтын қазығы – қазақ елінің тарихында «жеті» санының орны бөлек. «Жеті» саны әрқашанда ардақты, киелі саналады. Мәселен, әр қазақ үшін жеті қазынаның құндылығы қандай болса, аталмыш Ұлы Дала жеті қырының да қасиеті, құндылығы солай болатыны кәміл.

**Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,**

*тарих ғылымдарының магистрі,*

*Қазақстан Журналистер*

*одағының мүшесі. Панфилов ауданы.*

## ШАПАҒАТТЫ ШАРА

**Үлкеншыған ауылдық округіне қарасты Үлкеншыған ауылдық кітапханасында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын талқылау үшін әкімшілік қызметкерлерімен бірге мекеме басшылары және ауыл жастары дөңгелек үстелде бас қосты.**

Кітапханада «Тұғыры биік – тәуелсіз Қазақстан» атты кітап көрме ұйымдастырылып, кітапханашы Гүлдана Нұрғалиқызы баяндама оқып, бұл мақала Елбасының «Болашаққа бағдар, Рухани жаңғыру» атты мақаласының жалғасы екендігін айтып өтті.

Үлкеншыған ауылдық округі әкімінің орынбасары Баратова Р.Х. сөз сөйлеп, Елбасының мақаласындағы ұлттық құндылықтар мен тарихымызға қатысты өзекті мәселелерді бірігіп орындауға шақырды.

Шараға қатысушылар Елбасымыздың мақаласын халыққа жеткізетіндіктерін және қолдап қуаттайтындықтарын тілге тиек етті.


Қорытынды сөз кезегін Үлкеншыған мәдениет үйінің директоры Ләззат Қуатқанқызы алып, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының екі бөліміне де кеңінен тоқталып, мекемелерде ғана емес жүрген жерлерімізде, отырған орындарымызда осы мақаланы насихаттап жүруіміз керек екендігін ескертті.

Кітапханада кітап көрмеге библиографиялық шолу жасады.

**Ұлбала ӘБДІҒАЛИҚЫЗЫ,**

*Қырыққұдық ауылдық*

*кітапханасының кітапханашысы*



**Ж**ерұйық атанған Жетісу өлке-сімен, Батыс пен Шығысты қосып тұрған Ұлы Жібек жолымен кімдер жүріп өтпеді дейсіз. Жалпақ дүниеге тыныштық іздеп, жұмақты аңсап Асанқайғы бабамыз да, елдің мұңын, жүректің шерін тарқатып, күмбірлеген қобызынан күй төгіп Қорқыт атамыз да, алтын мен күміс артып сауда шеруін, керуен тізбегін жосылтқан саудагерлер де, елі мен жерінің тыныштығын қорғағандар құлағы жастыққа тимей, беліне қылыш байланып, айбалта, найза сайланып, тоқымын төсек, ерін жастық еткен ержүрек батырлар да осы қасиетті туған жеріміздің суын ішіп, топырағын басып, тарих бетінде өшпес те өлмес із-бедер қалдырған.

Жер жаннаты, тұнып жатқан байлықпен берекені көргенде іштеріне қыл сыймай қызғаныштың кызыл итін үргізіп, жемтік көрген құмайдай қанаттарын қомдап, ел мен жердің тыныштығын бұзып, береке – бірлігіне іріткі салушы ұры-қары, қарақшы келімсек – кетімсектер де болды. Біз алысқа бармай-ақ сонау 1720 жылмен 1740 жыл арасында Ұлы жүзге хан болған Жолбарыс ханнан бері зер салып байқап, қазақ тарихы мен Қазақ совет энциклопедиясына сүйенетін болсақ Ұлы жүз тайпалары мекен еткен Іле, Талас, Шу, Сырдария өңірін Жоңғарлар 1723 жылғы жойқын-жорықтары нәтижесінде басып алған. Дәл осы қантөгіс қырғын шайқасты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атайды.

Жетісудың Ілеге дейінгі бөлігі 18 ғасырдың Жоңғар феодалдарының билігінде болғандықтан Жолбарысханның қол астында Ташкент төңірегіндегі шағын ғана аймақ қалған. 1723 – 1733 жылдар арасында ұлы жүз тайпаларын тұтасымен Жоңғар хандығы биледі. Дәл осы тұста Жолбарыс хан ұлы жүздің атақты билері Төле би, Қодар би және Сатай, Бөлек, Хангелді батырлар өздерін Россия азаматтығына қабылдау жөнінде император Анна Ивановнаға Аралбай мен Оразкелді батырды елшілікке жібереді. 1734 жылы 20 көкекте Анна Ивановна Жолбарысханның атына арнайы грамота жолдайды. Ұлы жүз бен Россия арасында қарым-қатынас дамымағандықтан Жолбарысханның саясаты іске аспаған. (ҚСЭ II том 373-374 беттер).

Ұлы жүздің тайпаларының мекендеген Жетісу жерінің көптеген бөліктері Жоңғар билігінде үнемі қырқысумен болғандықтан бұл Ұлы Жүздің Россияға қосылуына бөгет жасайды. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс 1739 жылы Ұлы жүз қазақтарының басын қосып Абылай сұлтанмен біріге отырып, Жоңғарларға қарсы күрес ашады. Бұл кезде Абылай хандық тәжін кимеген. Абылай 1771 жылы үш жүзге хан болып сайланған.

Абылай сұлтанмен Жолбарысханның тізе қосып 1739 жылғы Жоңғарға ашқан қантөгіс шапқыншылығында ерекше ерлік көрсеткен батырлар тобында мына бабаларымыздың аттары аталады. Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Наурызбай, Байғазы, Сатай, Бөлек, Хангелді, Аралбай, Оразкелді, Тұрсынбай, Оразымбет, Райымбек, Рүстем, Шақантай (Жауқашыр). Осы батырлардың ерен ерліктерінің арқасында 1758 жылы Жоңғар хандығы жойылды. Тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген халық ағарту қызметкері Жанұзақ Қасымбаевтың «Абылай хан» деген зерттеу еңбегінде «XVIII ғасырдың 40-жылдарында Жоңғар хандығын төмпештеуде көзге түскен Абылайдың төмендегі серіктері бар еді. Қосай, Байбарақ, Құттымбет, Айтбай, Ертіс, Дүйсенбай, Мырзакелді, Дәулет, Өрікбай» тағы басқалар дейді. Осындай айбарлы адуынды, ержүрек батыр бабаларымыздың санатында, бүгінгі таңда Жаркент өңірінде өсіп-өркендеп келе жатқан Ұлы жүздің бір бұтағы Суан әулетінен шыққан Сатай, Үмбетей, Мырзакелді, Оразкелді, Аралбай есімдерін естігенде оларға ұрпақ болып жаратылғаны үшін батыр-бабаларымыздың аруағы мен қасиетіне еріксіз бас иесің. Осы ардақты есімдер қазақ тарихында, қазақ энциклопедиясының беттерінде өшпес әріптермен жазылған.

Біздің қасиетті топырағымызды аттары тасқа басылмаған, сырлары ашылмаған, ел аузында аңыз болып ұрпақтан-ұрпаққа жеткен халық батырлары қаншама. Оларға: Кебенек батыр (Үмбет), Туматай (Тентек Матай) батыр, Ұзақ батыр, Шойнақ батыр, Қара Биғаш батыр, Әтікей батыр, Нұржеке батыр жатады. Көкірегі ашық, көзі қырағы оқушы қауымды толғандырып, олардың жүрегін жаралап, қап әттеген-ай дегізер сұрақтар сол батыр бабаларымыздың өмір сүрген, қай жыл, қай күні өмірімен қоштасқандығы, қай төбеде, қай

# БАТЫР БАБАЛАРЫМЫЗ ҚАЙДА ЖАТЫР?

жердің топырағын торқа етіп оранып жатқандығы ешқандай тарихта сақталмаған. Тек ел аузында ғана арақидік сақталған. Ұлы жүздің ханы Жолбарыстың 1723 жылы жоңғарлардың жойқын соғысында Сатай, Ханкелді, Бөлек, Мырзакелді, Аралбай, Оразкелді батырлар белсене қатысқан. Осыған қарағанда бұл батырлардың туған жылдары бір-бірінен алшақ емес.

Қазақтың «Отызда орда бұзбасаң, қырқында қыр аспайсың» деген мақалы бар емес пе. Осыған қарағанда 1695 жылдар, кішісі 1700 жылдар өмірге



келген болуы керек. Себебі, 20 жаспен 35 жастың арасында күш-қуаттың, намысқойлықтың қазаны қайнап тұрған кез. Осы аты аталған батырлардың 17-ғасырдың алғашқы бес жылдығында өмірге келгендігін, замандас, құрдас, үзеңгілес екендігін суан шежіресінен де айқын байқауға болады. Мысалы: Сатай батырдың әкесі Алдияр, Алдиярдың әкесі Жылкелді, Жылкелдінің әкесі Байтүгей, Байтүгейдің әкесі Суан. Сонда Сатай бесінші ата, енді Мырзакелді мен Жылкелдінің әкесі Егізек (Орыс), Орыстың әкесі Мұрат, Мұраттың әкесі Тоқарыстан, Тоқарыстанның әкесі Суан, міне Мырзакелдінің Хангелді де бесінші ата, Бөлек батырдың әкесі Киікбай, Киікбайдың әкесі Бөргелтай, Бөргелтайдың әкесі Тұрдымбек, Тұрдымбектің әкесі Тоғарыстан, Тоғарыстанның әкесі Суан, Сонда Бөлек батыр алтыншы ата. Бұған қарағанда Бөлек атамыз батырлардан кіші болуы керек.

Қаракерей Қабанбай батыр 1691 жылы туған болса, біздің Суанның батырларымен жас айырмашылығы 5-10 жас қана болуы ықтимал. Абылай сұлтан 1771 жылы үш жүздің басын қосып Абылай хан атанды. Дәл осы мерзімде Суан батырлары Абылай ханның ең сенімді серіктері, белді батырлары болған.

Бұл менің батырлар жөніндегі аз-кем деректерге сүйеніп жасаған болжамым. Кімде болсын халық батырларының өміріне көз жіберіп, өз ой болжамын ортаға салғанда ұлтшылдыққа, рушылдыққа жол ашты деп ойламау керек. Біздің батыр бабаларымыз қаншалықты қиын-қыстақта өмір сүрсе, халық та сол өмірдің қайнаған қазанынан дәм татты. Батырлар тарихы – халық тарихы. Оның өшпес шежіресі. Ең бір өкінішті, орны толмайтын олқылық жерлес, қандас, тіпті аталас, бауырлас батырларымыздың қайда жатқанының белгісіз болуы біз үшін ғана емес, бізден кейінгі ұрпақтар үшін де орны толмайтын өкініш.

Сонау 1959 жылдан бастап батыр бабаларымыз туралы, оқыған, оқымаған, ел арасы, халық ортасынан шыққан сұңғыла зейін, зердесі ашық, ел тарихына жаны ашып, оны көкірек көңілдеріне сақтап жүрген Нұрғали, Құрманжан, Қажаназар, Зейнел, Ыдырыс, Қожағұл, Бералиев, Әмет, Кәрімжан сияқты көпті көрген, көзі ашық әкелерімізбен сөйлесе келіп, суыртпақтап сыр тартқанда, нақты мына төбеде жатыр деп дәл басып көрсете алмаса да өзі естіп білгендерін жасырмай, мекен-жай тұрақтарына қарай жобала жасақтарын айтқан еді.

Осы ақсақалдардың айтуынша Сатай батыр сол өзінің атамекен Сарыбел мен Тышқан өзенінің маңында (кей деректерде Алакөл маңайында шайқас үстінде қайтыс болып, сол жақта жерленген делінеді), ал Хангелді батыр Малдыбайдың белі мен Қоңырөлең арқылы өтетін Көктерек өзендерінің сағасында, ал Мырзакелді батыр Өсек өзенінің өрлей шыққандығы Қойтастымен Ақдала алаңайында, Бөлек батыр Ортатауға жақын, «Қарамола» деген жерде болуы керек деген болжам айтады. Осы үлкен әкелеріміздің осындай болжам айтуына қандай куәлік керек десек, әрбір елдің атақты хандары, сұлтандары, батырлары, би, болыстары қаншалықты төтенше жағдайда да өз сүйектерін жат топыраққа тастамауы, ұлттық намысқа саясатқа айналған. Тіпті жаугершілікте жат елде өлсе де, өз топырағына сүйектерін әкеп, жерлеу ел мен жұрттың, әлейім халықтың ең соңғы борышы болған. Дәл осындай иманжүзділікке жүгінесек, Сатай батырдың бабасы Байтүгей ұрпағы қазіргі мезгілде сол Сарыбел, Тышқанды мекендейді. Ал Мырзакелді батырдың жеті баласынан тараған ұрпақтың дерлік көпшілігі осы Өсек өзенінің айналасында өмір көштерін жалғастыруда.

Хангелді батырдан тараған ұрпақтар Ақша, Солтанқұлдың өскен, өркендеген жерлері Қоңырөлең, Көктерек, Қостал, Ақжазық, дәл айтсақ Долаңқара тауының батыс оңтүстік сағасы. 1928 жылдардың бастап солтанқұлдар Әшірарықтың төменгі тұс жағына көшіп келіп қоныс тепкен. Бұл Бексұлтан Нұржекеұлының «Жау жағадан алғанда» атты кітабында толық баяндалған.

1875 жылы осы өңірде дүниеге келген Хасен Жиеншарұлы 1945 жылы қайтыс болған. Хасен өзінің Қожағұлға айтқанына қарағанда Бөлек батырдың бейіті осы Қарамолада екендігін айтып 14-15 жасында Қожағұлды ертіп келіп, осы Қарамолаға зиратқа бірнеше рет дұға жасап, тағзым еткен. Қасеннің баласы Қожағұл 1930 жылы туған, зейнеткер, Абай мектебінде қызмет еткен. Қожекеңнің айтуы бойынша Қарамоланың қасында соғыс жылдары қырман болған. Қазір оның барлығы жыртылып, бейіт орны жасырылған.

Біз батыр бабаларымыздың қай жылы өліп, қай жылы туғанын, қай төбеде жатқанын білмегеніміз үшін кінәлі емес те шығармыз. Оған заманның аумалы-төкпелі болуы, ол кезде тарихи архивтің жоқтығы да себеп болған шығар. Біздің кейінгі ұрпақтың борышымыз бен атқарар міндетіміз олардың аруағына бас иіп, қадір-қасиетін қастерлеп, ғасырдан ғасырға батыр деген құдіретті аттарын өшірмей қалдыру. Ұрпаққа үлгі, халыққа мұра ету. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген. Менің қалам алудағы мақсатым осы батыр бабаларымыз туралы ел арасында дуалы аңыздарға сақталған тарихи анықтамалар, естелік, шежіре, дастандар болса, аруақтар үшін жиып-теріп жарыққа шығару. Ауылға, мектепке, көшелерге, туған елі мен жеріне батырлардың есімін беру арқылы олардың ерлігін мәңгі сақтау.

**Әдепхан  
ТӨРЕХАНҰЛЫ,**  
ҚР Мәдениет және  
Білім беру  
ісінің озық қызметкері.  
Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі.



**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «1997 жылы Жалпыұлттық татулықпен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялағанын бәріміз де білеміз, ол еліміздің барлық баспасөз беттерінде жарық көрді. Үлкен қоғамдық-саяси және терең адамгершілік мағынаға ие осы құжатты бүкіл республика халқы толық қуаттап, қолдады. Себебі қандай да болмасын нәубетті, зұлмат оқиғаларды елдің басына түскен, қиындықты жалпы халық қана көтерген. Одан қала да, дала да, ауылда да, тыс қалмаған.**

6. 1949 жылы қазақ жерінде атом бомбасын сынау басталды.

7. 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан оқиғасы қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық күресінің биік белесі, шырқау шегі болды.

1997 жыл XX ғасырдың осындай тарихи кезеңдерін зерделейтін жыл болып басталды. Соның ішінде мен айрықша тоқталып өтейін деп отырған кезең 1937 жылғы зұлмат – сталиндік әкімшілік – әміршілік жүйенің халыққа қарсы «Ұлы терроры», ең алдымен зиялы қауымға қарсы бағытталған, ешбір елдің тарихында кездеспеген бұл зобалаңның орталықтан басқарылуы.

сақтап, келешекте мұндай зұлматтың қайталанбауына куә болмақ.

Бүгінгі күн қолымызға қалам алдырып, бәріміздің басымызды қосып отырған осы жиынның да өз себебі бар, ол келешегі зұлмат заманның құрбаны болып кете барған аяулы аталарымыз бен бабаларымыздың тағдыры жайлы. Қазіргі кездерде деректер жинап, есімдері жас ұрпаққа белгісіз болып, ұмыт бола бастаған сол заманның құрбандары болған ауыл азаматтарын елмен қайта табыстыру біздің ұрпақтың міндеті. Өткенге ой жібермей, бүгінгі күнді жайдан-жай айту мүмкін емес. Ақты ақ, қараны қара дейтін заман

Мен жиған деректер сол 1937 жылдары Талды ауылдық кеңесінің председатели болған, Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнеткер сексен бес жаста болған Айтақынов Әшімбай ақсақалдан. Ұлы Отан соғысының ардагері Керімбаев Мырзахмет ақсақалдан (ол кезде 14-15 жастағы бала екен). «Халық жауы» болып ұсталып кеткен аталарымыздың жұбайларының әңгіме-естеліктерінен жазып алынды.

Нүсіпов Әубәкір – 1893 жылы бұрынғы Жаркент ауданы, Талды деген шағын ауылда, орта шаруасы бар Өмірзақ әулетінде дүниеге келген.

Өмірзақтан – Қашқынбай, Айтақын,

# ТАЛДЫ, БҰРХАН АУЫЛДАРЫНАН 1937 ЖЫЛЫ

XX ғасырда қазақ халқының дамуына кері әсер еткен жеті тарихи кезеңді атап кетейік. Сол жылдардың әрқайсысының ел өміріне, тағдырына тигізген зияны, зұлматы, қайғысы бір-бір төбе.

1. 1916 жылғы Ресей патшалық империясының отарлық езгісіне қарсы бағытталған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі және оның аяусыз басып жаншылуының кесірінен халық басына түскен қасірет.

2. Қазақ халқының 1 миллионға жуығын жалмаған 1921-1922 жылғы

Қазақстанда осы «қызыл қырғын» кезінде оқыған, білімді 105 мың адам тұтқындалып 22 мыңдай адам жазықсыз жаламен атылып кеткен. Ғажобы сол осы айыпталғандардың РФ қылмыстық кодексінің 58-ші бабына ілігіп, үкімі шығарылып жатты. 22-мыңдай атылғандардың ішінде бірінші лектегілердің үлес салмағы 60-70%. Олар Қазақстанда Кеңес өкіметін өз қолымен орнатып, басшы болып келе жатқан қайраткерлер, зиялылар еді.

Екінші лектегілер – алдыңғы

келмегенде әлі де тарих қойнауында жатқан жазықсыз жандардың бекерден бекер жазаланып, құрбан болып кете бергендігі жабулы күйінде қала берер еді. Енді міне, шындық жеңіп, ақ-қараны айқындадық. Айтылар сөз, ақтарылар деректер көп-ақ.

Естеліктерді оқып, көнекөз адамдардың лебізін тыңдай келе сол жылдардың куәгерлерін әңгімеге тарта отырып, көкіректерінде сайрап жатқан сан тараулы жолдармен, осыдан алпыс жыл бұрынғы оқиғаларды өз көздерімен көрген ата-аналарымыздан алған деректерді ортаға салайық. Өмір бойы ақ пен қара, әділдік пен зұлымдық алысып келсе, сол зұлымдықтың құрбаны болған сол кездегі Талды ауылы мен Бұрхан (О.Исаев атындағы колхоз) ауылынан өмірлерінің гүлденер шағында айдалып кеткен.

Талды ауылынан – Нүсіпов Әубәкір, Қасымбеков Нұрахмет;

Бұрхан ауылынан – ағайынды Изембаев Қожақан, Изембаев Батырхан сынды айбынды азаматтар туралы сыр айтпақпын.

Аудан, ауыл көлеміндегі нақты деректерге сүйене отырып, асылдың сынығындай туған-туыстарының тебірене айтқан сырларын зерделей келіп, 1937 жылдағы зобалаңда қара құйынға ұшыраған тағдырлары қалай болды екен?

Иә, 1937 жылдарғы зобалаң ешбір негізсіз, ақ-қарасына көз жеткізбестен небір жайсаң жанды азаматтарды өмірлік түрмеге жауып, асып, атып, көз көрмес, құлақ естимес жерлерге айдаған.

Уақыт таразысы бұдан алпыс жыл бұрын кішкентай ғана ауыл Талдыдан Нүсіпов Әубәкірді, Қасымбеков Нұрахметті, Бұрханнан ағайынды Изембаев Қожақан, Батырханды «халық жауы», «тыңшы» деген айыптар тағылып бір жылда ұстап әкеткен. Төртеуі де жандары жайсаң, қайырымды, іскер, нағыз ел үшін туған асыл азаматтар екен. Партия қайда жұмсаса да бас тартпай жұмыс бабында жүрген. Отбасын құрып, еліне енді ғана танылып, қызмет ете бастағанда шаш ал десе, бас алатын сұрқай заман жеңдеттерінің құрбандары болып кете берген. Нағыз нарқасқа, жігіттің сұлтаны атанған, бет біткеннің сұлулары екен, сол аяулы да қиын тағдырлы жандар.



ашаршылық. 1932 жылғы жаппай ашаршылық ауыл шаруашылығын күштеп, ұжымдастыру, көшпелі қазақ шаруаларын ешбір дайындықсыз күштеп отырықшыландыру. Осының салдарынан 1931-1933 жылдары 6,2 млн. қазақтың 2,1 млн. қырылды. Шет мемлекеттерге кеткені 1 млн. 100 мыңдай. Оның 616 000 адамы Қазақстанға қайтқан жоқ.

3. 1937 жылғы зұлмат – Сталиндік әкімшілік-әміршілік жүйенің халыққа қарсы, ең алдымен зиялы қауымға қарсы бағытталған «ұлы» зұлматы. Өз заманының білімді парасатты, көзі ашық, көкірегі ояу небір асыл азаматтары қанды қол қарақшы әміршіл жүйенің құрбаны болды. Жеке адамға табынудың зардаптарының кесірінен Қазақстандық 108 000 адам лагерь азабын көрді. Олардың 25 000 атылды.

4. 1941 жылғы Кеңес Одағында Ұлы Отан соғысының басталуы. Осы соғысқа 1941-1945 жылы Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам алынып, оның 600 мың адамы майдан даласында опат болды.

5. Қазақстанға 1937 жылы Қиыр Шығыстан зорлап көшіріліп әкелінген корейліктерге қосымша соғыс жылдарында шешендер, ингуштар, қарашайлар, балқарлар, немістер, поляктар, қырым татарлары, месхет-түріктер, гректер, курдтар қосылды – барлығы 890 мың 698 адам әкелінді.

ағаларының тәрбиесін көріп, ел ісіне араласып, өздерінің таным-біліктері мен алдыңғылардың орнын жоғалтпауға мүмкіндіктері бары тұтқындалды.

Үшінші лектегілер – олар «қызыл қырғын» науқанына араласқандар болды. Көздерімен көріп, қолымен істегендер.

1937-1938 жылдар қазақтарды бір-біріне атыстырып, шабыстырып, «халық жауы» дегізіп, жауқазындай қаулап шыққан биік саналы, беделді, асыл азаматтарын бір-бірлеп ұстап, атқанын атып, итжеккенге айдап, қансыратқан, қоғадай қаусатып, қамыстай қырыққан, дүбірі мен дүрбелеңі жалпақ даланы қара құйын дауылға ораған шырғалаң шақ. Зобалаң сойқанға толы, зорлығы шектен асқан зәбірлі кезең. Адамды адамға қасқырдай талатқан заман. Біреудің біреуді аямауы, бірін-бірі құзға құлатуы жыртқыш аңнан да бетер еді. Белгілі жырау Балқы Базардың:

Қазақтың жауы – қазақ боп,  
Тартқаның ылғи азап боп,  
Қашанғы жүре берерсің,  
Кім көрінгенге мазақ боп, – деген жан айқайы осы кезеңге айтылғандай. Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің, Жандары бізді де айт деп сыбырлайды, – дейді атақты ақын Иса Байзақов.

Өткенге ой жіберіп, сын көзімізбен тарих тағлымына үңілсек, талай-талай тағдыр иелерінің нақақтан күйіп, жаланың құрбаны болғанын бүгінгі біз сияқты ұрпақтары есіне

Әубәкір, Ахметжан деген 4 ұл болған. Өмірзақ – Меккеге қажылыққа барып келген адам. 1927-1928 жылдары партияда тазалау болып, дінді мемлекеттен аластатқан кез еді. Сондықтан да Әубәкір өз әкесі қажы болғандықтан оның інісі Нүсіптің атына жазылады. Әубәкір еті тірі, пысық, сауатты адам екен. 1927-1928 жылдары «Қосшы одағы» председатели болады. Осы жылдары ол Сәттіжолда (қазіргі Бөрібай би), Шешінде, Үлкенәғашта, шет Жамбылда (2 – фермада), Бұрханда мектеп салдыртады. Бұрхан ауылындағы бастауыш мектептің директоры болады. 1930 жылы Жаркент шекара отрядында қызмет етіп, 1931 жылы Талды колхозының, 1932-1933 жылдары Сарытөбеде колхоз басқармасының төрағасы, 1934-1935 жылдары шет Жамбылдағы №3 фермада басшы, 1936 жылы О.Исаев атындағы колхозда (Бұрхан селосындағы) төраға болған. Сол жерде жұмыс істеп жүргенде 1937 жылдың 1 мамырында жазықсыз ұсталған. Сондағы жазалау үшін тағылған айып: шекара бұзды, бір қыста колхоздың 180 бас қойын өлтірдің, соған жауаптысың деген. Сол жылдары аудандық шекара отрядының бастығы Арысбаев «халық жауы» болып ұсталып кеткен еді, сонымен бірге жолдас болып жұмыс істеді деген айып тағы тағылады. Тергеуге алынып, жаза кесіліп Қиыр Шығысқа, Сібірге, Тойчик станциясына айдалып кеткен. Артында өмірлік жары Рахима апай 4 жасар ұлы Қайролда мен 1 жастағы Күлғайша есімді қызымен ауылда еңіреп-жылап қала береді. Сөз арасында жұбайы құйеуінің Тойчик станциясына барғанын, сол жерден жазған хатын алғаннан кейін білдік дейді. Содан соң мүлдем хабар-ошарсыз кеткен. Артынан іздейтін, жоқтайтын адам болмаған соң ақталмаған. Аяулы азаматтың халқы үшін, елі үшін сіңірген еңбегі зор. Әубәкір ата мен Рахима апамыздың соңында Қайролда, Күлғайша, Тоқтасын, Қалиақын, Зора есімді балалары жалғасып немере, шөберелері жапырақ жайған бәйтеректей өсіп-өрбіп келеді.

Әубәкір атаның соңында қалған, 1933 жылы туылған ұлы Қайролданың 9 баласы болған Болат, Қуат, Сәуле, Жанат, Зәуре, Балғын, Самат, Қарлығаш, Сандуғаш, 4 шөбере, 2 жиеншары тараған.



Қызы Күлғайшадан (1936 жылы туылған) 5 жиені өрбіген осылардан 7 жиеншар тараған. Рахима апай асыл жарының соңында қалған балаларын аман-есен өсіріп, бүгінгі күнге жеткізіп өмірден өтті.

Күлжамал апаның естелік әңгімесінен білгеніміз (бұл күнде марқұм болған) Қасымбеков Нұрахмет 1901 жылы Жаркент ауданының, Талды колхозында шағын шаруалы Қасымбек деген кісінің әулетінде дүниеге келген. Жастайынан елгезек, өмірге құштар Нұрахмет сол шағын ауылда ер жетіп, елі мен жерінің сәулетті болашағы жолында қызмет етті. Ең алғаш ауыл мектебінен білім алып, өз бетінше іздене жүріп, оқу оқып, қызметке араласты. Сұңғақ бойлы, бет біткеннің сұлуы, нағыз нарқасқа, жігіттің сұлтаны Нұрахмет Совет өкіметі орнағаннан бастап қызметке араласып, Жаркент аудандық кеңестің председателі болады. Ол «Берекелі болыс» деп атаныпты. 1927-1929 жылы бұрынғы Октябрь ауданының милициясының бастығы болып істейді. Бұл кездерде ел Кеңес өкіметінен қысастық көріп, арғы бетке Қытайға қаша бастаған кез екен. Қоңырөлеңнен бері қарайғы жер түгел Октябрь ауданына қарап, сол ауданның милиция бастығы қызметінде жүріп, Жөкімбаевпен бірге ел ісіне араласады. 1930-1931 жылдары Қоңырөлең колхозыныңда политотделде (саяси бөлімде) председатель болып жұмыс істеген. 1933 жылы Үлкенғашта төраға, 1933-1934 жылдары



## ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАҒАН ОТБАСЫЛАР

Талды колхозында есепшілік қызмет атқарған. 1936 жылдан Талды колхозының председателі болып жұмыс істеп жүрген кезінде 1937 жылдың 14 қазан күні түнде келіп ұстап әкеткен. Ұзақ тергеуден кейін «халық жауы» деген желеумен соттап, Қиыр Шығысқа айдады. Үйіне жазған хатында «Сыртымыздан он жылға кесіпті, нендей айып тағылғанын өзімде білмеймін», – деген екен.

Қасымбеков Нұрахметке аталас туыстары Асылбек, Кенжебектер Қытай асып кетпек болғанда соған астында мініп жүрген аты мен ертоқымын берген, қашуға көмектесті деп көрсеткен. Бұл кезде Талды ауылдық кеңесінің председателі қызметін Айтақынов Әшімбаев атқарып жүрген. 1941 жылы Нұрахметтен артында қалған жары Күлжамал апайға хат келеді. Нұрахмет атаның шаңырағын шайқалтпай ұстап қалған жары Күлжамал апа хат жазып, почтамен киім-кешек, тамақ салады. Бірақ оны алған, алмағанын білмейді. Содан кейін хат-хабар үзілді деп тебірене отырып әңгімесін аяқтаған еді артында қалған жары Күлжамал апа.

Нұрахмет қарияның артында көзі тірісінде 2 ұлы, 1 қызы қалады. Алғашқы жұбайы Нұржамалдан 1924 жылы дүниеге келген Ахметқали және 1926 жылы дүниеге келген қызы Сақан есімді бір ұл, бір қыз көреді. Ол алғашқы әйелі қайтыс болған соң, сотталғаннан кейін соңында қалған жұбайы Күлжамал апайға үйленеді. Ол кісіден Кеңес, Батырбек атты ұлдары, дүниеге келеді. Төрт баланы бауырына басып, ана да, әке де өзі болып Күлжамал апай қала береді. Жан-жарынан қалған балаларын өсіріп, тәрбиелеп, қиыншылығы бастан асатын, намысқа тиетін небір сөздерді ести жүріп соларды жеткізем деп жүргенде 1951 жылдары Кеңес есімді ұлы ауырып дүниеден қайтады. Қалған 3 баламен Күлжамал апа Нұрахмет атаның шаңырағында қалады. 1943 жылы ұлы Ахметқали соғысқа алынады. Ұлы Отан соғысына қатысып, қанды шайқаспен от пен өрттен аман-есен оралған баласына «халық жауының» баласы деген атақ кедергі болады. Ахметқали сол әкесі айдалған жылдары Талды ауылдық Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған Айтақынов Әшімбаев ақсақалды аудандық партия органдарына куә ретінде апарып әкесінің істерін қайта қаратады, сонда тағылған айыптарды қайта қаратып алғызады. Әкесін ақтап шығады. Сөйтіп партия қатарына өтеді. Асыл жарынан тірідей айырылған Күлжамал апай үлкен баласы Ахметқалиды, қызы Сақанды тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, солардың балаларын, немере, шөберелерін тәрбиелеп өсіріп бұл өмірдің небір қиын-қыстау кезеңдерін, соғысты да, «халық жауының» әйелі деген сөздерді де ести жүріп, күн-түн демей колхоз өміріне араласа жүріп, бәрін бастан кеше отырып сүйегі асыл апамыз жақын жылдары дүниеден өтті.

Нұрахмет ата мен Күлжамал ападан тараған ұрпағы бүгінде бұтағын жайған мәуелі бәйтеректей. Ұлдары Ахметқали мен Батырбектен 16 немере, 30 шақты шөбере сүйді. Иә, ер есімі – мәңгі ұмытылмайды. Жақсының аты өлмейді деген осы!

Изембай деген кісінің әулетінде Қожахан 1902 жылы, 1906 жылы Батырхан есімді ұлдары дүниеге келеді. Егіз қозыдай тел өскен Қожахан мен Батырхан да есейе келе талаптанып, хат танып, оқу оқып, ел басқару ісіне араласады. Қожахан 1930 жылы «Қосшы одағында» шаруашылық меңгерушісі болып істейді. Сосын Қызылеспе ауылдық кеңесінде председатель болады. Бұдан кейін колхозда әр түрлі

жұмыстар атқарады. 1937 жылы Бұрханда апиын егістігінің бригадасының бригадирі болып жұмыс істеп жүргенде шілде айында апиын кесіп жатқанда ұстап кетеді. Қожаханға тағылған айып «колхоздың жылқысын Қытайға айдап кеткелі жатыр» деген жалған жала болады. Қытайға барғандары да кінә болып тағылады. Қожахан әйелі Бижамал екеуінен Тұрсын (1926 ж) және Бәтима (1930 ж) есімді бір ұл, бір қыз дүниеге келеді. 1930-1931 жылдары, Қытайға ел қашып жатқанда әкесі Изембай, шешесі Мінәсіп немересі Тұрсынды алып шекарадан өтіп кетеді. Елде қалған ағайынды Қожахан мен Батырхан колхоз өміріне араласып жұмыс істеп жүргенде, аяқ астынан қара күйе жағылып ұсталады.

Ал, Изембаев Батырхан 1930 жылы Сәттіжолда Қарамола ауылындағы Кеңес председателі қызметін атқарған еді. 1929-1937 ж. дейін Бұрханда егіс бригадасының бригадирі болып жұмыс істейді. Комотрядқа мүше болғанға дейін ағайынды екі жігіт Байсымақов Мұқай батырмен Қытай асады. Ол жерде өмірлеріне (1926 ж) тыныштық болмай, қауіп төнген соң елге оралады. 1927-28 жылдары комотрядта жұмыс істейді, елге келген соң қызметке араласады. Батырхан жұбайы Нұрғайшадан Ораз есімді баласы болады. Батырханды 1937 жылы қараша айында күзгі егіс жинап жатқан кезде ұстап кетеді. Сол кезде Батырханды күзеткен ауыл тұрғыны Оразымбек қарияның айтуынша Батырхан қырмандағы үйіліп жатқан бидайды қолымен ұстап «Қайран еңбегім-ай, не кінәм бар еді?» деп жылағанын әлі күнге дейін көз алдыма келеді деп балаларына айтып отырады



екен. Ұсталған күннің ертеңіне дейін Сарыбелден 2-3 «халық жауы» аталған азаматтарды әкелгенше Батырхан Оразымбек атаның үйінде түнімен қамауда отырады. Қашып кетер деген күдікпен ұйықтамаған Оразымбекке Батырхан «Неге сонша мазасызданасың, мен бекерден сені шырылдатып қашып кеткенімше өлгенім жақсы» депті. Ертеңіне «халық жауы» деп ұсталған 3-4 адамды арбаға салып ауданға тергеуге апарып, тергеп, ағайынды жігіттер артында іздейтін ересек туыстары болмаған соң сол айдалғаннан мол кетеді. Тағылған айып «халық жауы» атанған Қожаханның інісі болғандығы үшін бекерден бекер еш кінәсіз кеткен.

Қожаханның жары Бижамал 1 қызбен Батырханның жары Нұрғайша 1 ұлмен ел ішінде колхоз өміріне араласып, еңбектеніп күндерін өткізеді. Тек 60-жылдар шамасында Батырханнан қалған Ораз есімді ұлы партия қатарына өтпек болған кезде, әкелерінің «халық жауы» болғандығы коммунисттік партия қатарына өтуіне кедергі болады. Сол тұста баласы мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне хат жазып сұрастырғанда әкелерінің екеуі де шахтада жұмыс істеп жүріп жүрек талмасы ауруынан қайтыс болғандығын куәландырған анықтама келеді. Сот орындары олардың қайтыс болғаннан кейін мемлекетке істеген еш зиянкестігі, қиянаты жоқ деп тапқан. Бүгінде Қожаханның артында ұлы - Тұрсын, қызы Бәтима қалды. Тұрсынның сегіз баласы, он бір шөбересі, Бәтиманың жеті баласынан он сегіз жиеншарлары тараған. Ал інісі Батырханнан жалғыз ұл Ораз қалады, одан жеті немере, алты шөбере тараған. Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан демекші 50 жылдан астам уақыттан кейін нақақтан кеткен асыл азаматтар ел ішіне есімі қайта оралды. Топырақтары торқа болсын аяулы жандардың.

**Дина НҮРПЕЙІСОВА,**  
Д.Рақышев атындағы  
орта мектеп  
директорының  
орынбасары,  
тарих пәнінің мұғалімі.  
Талды ауылы



**Редакциядан:** 1997 жылы жазылып, менің қолымда сақталған мақаланы автормен келісе отырып, «Жаркент айнасына» ұсынып отырмын. Осыдан жиырма екі жыл бұрын 1937 жылғы зобаланның құрбандарының куәгерлерімен ауызба-ауыз сөйлесіп, құнды материал жазған Д.Рақышев атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі Дина Манапқызы Нұрпейісоваға шексіз ризалығымызды білдіреміз.

Егер де сіздердің де қолдарыңызда осындай құнды, туған жерімізге, елімізге, тұлғаларға қатысты тарихи, танымдық материалдар болса, суретімен бірге редакцияның мына электронды почтасына jar-aina@mail.ru жолдаңыздар, құрметті оқырмандар.

Бас редактор



## Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ

ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі.

### I

Шаңы шығып шұбатылған жолыңмен,  
Жортып келем ылдйыңмен, өріңмен.  
Айлы түнде күңіренген, құлаққа,  
Үн келеді бабалардың көрінен.

Бақ пен соры қатар ұшқан сор далам,  
Үн келеді... боз інген бе, боздаған?!  
Ел басына естен кетпес күн туып,  
Қасіреттен күйіп кете жаздаған.

Соның бәрі ұрпағыңның жадында,  
Өзіндікі тәнім, әрі жаным да.  
Өмір сүрдім о, Ұлы Анам өзің деп,  
Өзіндікі... бағым менен, сорым да.

Тобылғың мен тораңғыңа жылынып,  
Көрген жоқпын мен Өмірден түңіліп.  
Тағдырыңды жыр етуге жетелеп,  
Келе жатыр мәңгі сөнбес жыр-үміт.

Күлік міндім күдеріден бау тағып,  
Көк бөрідей көкке дауысым жар салып.  
Ұрпағына үмітпенен қарасын,  
Керде жатқан Бабаларым тамсанып.

О, Ұлы анам, сырласым, һәм,  
мұңдасым,  
Сенен алдым сертке байлап жыр басын.  
Ғарышқа да бәйге қосып жарысқан,  
Ұлы Дала жырын Әлем тыңдасын!

### II

Қайран далам, дархан далам, кең далам!  
Құшағыңнан сая тапқан мен балаң.  
Жүрегімде шала жатыр жанбаған.  
Жолым жатыр мен әлі де бармаған.  
Асқар-асқар шыңдары бар паң далам,  
Өркеш-өркеш құмдары бар маң далам.

Қойныңдағы қазылмаған кен болам.  
Жазылмаған әфсанаң да мен болам.  
Өзің барда мен кімдерден кем болам!  
Бабалардың жүрегі һәм, тілегі,  
Топырағыңның түйірі де киелі.  
Кіндігімнен байланғамын талыңа,  
Ажырамау үшін сенен бір елі.  
Бір кездері Білге қаған тірі еді,  
Күлтегінің тулап тұрған жүрегі.  
Кең төсіңе тастан сарай салдырған,  
Арман-ойын тасқа қашап қалдырған.  
Аманатын асылына жалғаған.  
Ұрпақ үшін шаршаса да, талмаған.  
Қыран көңіл қияларға самғаған.  
Қорқыт баба қобызы боп сарнаған.  
Ерлік пенен Елдік жолын таңдаған.  
Көк сүңгімен сілтегенде ашынып,  
Өрт боп келген дұшпан тірі қалмаған.

Жауың келіп жағаңа сан қол салды,  
Соңдарынан қарақошқыл жол қалды.  
Қызылқұмың қызыл қанға малшынып,  
Бастар жатты тұяқтарға жаншылып.  
Арқалаған қанша арман, қанша үміт,  
Жолдар жатты жотасынан шаң шығып.  
Бүгінгі дос ертең қайта қастасып,  
Қас болғандар, қайыра кеп достасып.  
Тұрлауы жоқ алмағайып заманда,  
Аш қасқырдай ұмтылды адам-адамға.  
Ойын етіп қайырымсыз ажалды,  
Сонысымен жеңді Қорқыт тажалды.  
Көрден қорықпау керектігін ұқтырып,  
Қарсы ал деді ажалды да тік тұрып.  
«Есің болса өлемін деп жылама»,

# ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРЫ

## (толғау)

деген екен Анахарсис ғұлама.  
Өз ағасы – Скифтердің көсемі,  
жебесінен өмір оты өшеді.  
Өлерінде сөз айтыпты көшелі:  
«Менің жаным басқа әлемге көшеді.  
Мен өлмеймін, Бақида өмір кешемін...»  
деп ағасын кешіріпті деседі.  
Бұл далада аңыздар бар мыңдаған,  
(Дала жырын бесігімде тыңдағам).  
Ұлы Бабам ақындықпен жырлаған,  
Күні – өмір, көкжиегі мұң далам.  
Ер Түріктің ерлігінің елесі,  
Түсіме еніп, Рухымды шыңдаған.

Көне тарих бетіндегі ізбенен,  
Ғұн елінің қағанатын іздегем.  
Тәңірқұты Мөде маған сыр айтты,  
Сыр айтты да тынысымды тыңайтты.  
Былай депті қолбасшыға жауласқан:  
«Жар сұрадың, бердім қимас жарымды,  
мал сұрадың, бердім асыл малымды.  
Өйткені олар өзімдікі, сондықтан  
бейбіт елдің қанын төкпеу үшін де,  
бердім саған сүйгенімді, барымды.  
Жер сұрасаң...  
жер сұрасаң ал егер...  
Мынау байтақ, әрі ұлы қара жер,  
Менікі емес, Тәңірқұты болсам да.  
Сол жер үшін отқа оранып жансам да.  
Жан тапсырып, ахиретке барсам да.  
Менікі емес.



Ол халқымның байлығы,  
Бір сүйем де бере алмаймын...  
Жер үшін,  
соңғы адаммы қалғанынша айқасам,  
соңғы демім таусылғанша шайқасам!..»

Бұдан өткен ерен ерлік бола ма!  
Бұдан өткен көрегендік бола ма!  
Ғасырлардың көші өткенмен арада,  
Мәңгі өшпейтін із тастапты Санаға!  
Мирас болған атадан жас балаға,  
Не жетеді, не жетеді Далама!  
Отаныңды Тәңірқұты тәрзіді,  
Сүю керек, күйе керек жан аға!  
Онсыз ерді адам деуге бола ма?!  
Онсыз елде қасиет те қала ма!  
Туған Жер мен туған Елің – бір ұғым,  
Жүрегіңде сақта мәңгі тұнығын.  
Жүрегіңде сақта мәңгі құлыным!  
Сол екеуін көкірегіңде аяла,  
Қажет болса, жаныңды да аяла!  
Екеуінен айырылсаң, сол жанның,  
Қажеті де бола ма?  
Жерің үшін жаның болсын садаға!

Қайран далам, тарлан далам, боз далам!  
Жүрегімде сағынышым маздаған.  
Қойын-қоншың толған байлық... түп-түгел,  
маған тастап кеткен екен Әз-бабам!

Тұр-ан депті көне түркі жұртымыз,

(Көк Түрік-ті, ол кездегі ұлтымыз).  
Афрасиаб – Алып Ер Тоңға басқарып,  
Жортқан екен ер-тоқымын жастанып.  
Иранменен неше ғасыр алысып,  
Тұлпарының тұяғынан шаң ұшып.  
Тұран жұртын паш етіпті баршаға,  
Қара қарың, беломыртқаң талса да,  
Ғасыр жүгін көтеруден шаршама!  
Дала жыры сыр күтеді қаншама?

Тұрандықтар жетті аман бүгінге,  
(Берекеден белім енді бүгілме!)  
Жыр төгейін нәрлі Ана тілімде!  
Көне шежіре жетегіне үңілсем,  
Тас жазулар тағдырына жүгінсем,  
Сол тамырдан өндің дейді бүгін сен!

Ұшар шыңы Көк аспанмен жарасқан,  
Барар жерім Көкше теңіз, Қараспан.  
Көкте Тәңір, Жерде Ұмай таласқан.  
Сол заманда жаралыппын Алаштан.  
Сахарада Күлік мінген мен екем,  
Көк теңіздей толқып жатты берекем!  
Аяқ астым қазыналы кен екен.  
Жағам алтын, ал, күмістен жең екен.  
Далам дархан, дастарханым кең екен.  
Арыстандай теңдік сұрап ақырып,  
Дұшпаныма жолбарыстай атылып,  
Кетеді екем келіспесе жапырып.

Көк Түрікті сахараның серісі,  
Ғайыптан кеп сап ететін перісі, -  
деп біліпті бейбіт күнде ел іші.

Ойын-сауық желпілдетіп, желігіп.  
Еліктіріп салқам сал мен серілік,  
Өзегінде ойнақ салып әр үміт,  
Сұлу тұрса кермаралдай керіліп,  
«Екі аяғын бір басуға ерініп».  
Жігіт жүрер келіп-кетіп, көрініп.  
Қыз ән салса күміс әуен төгіліп,  
Жұрт тыңдайды жан-тәнімен беріліп.

Алты Алаштың әрбір күні осындай,  
Сөз сөйлейді шешен тілмен тосылмай.  
Ақ жүрекпен келсең – қимас досыңдай,  
Арамдықпен ара-жолы қосылмай,  
Боз даланың еркін өскен төсінде,  
Алаш жұрты жыр тыңдайды кешінде.  
Қобыланды, Қыз Жібек пен Ер Тарғын,  
Ер Төстігі жас-кәрінің есінде.  
Баласына, құлын мінген күн ұзын,  
Жырмен құяр тәрбиенің уызын.  
Іше отырып толғап сары қымызын,  
Аңыз айтар кейі қысқа, кейі ұзын.  
Астау толы қазы менен қартасы,  
Қыза түсер әзілменен ортасы.  
Әзіл-айтыс, бәдік-айтыс бәрі бар,  
Тола түсер «тіл-төренің» қалтасы.  
Алаш жұрты ата сөзін сыйлаған,  
Сары алтындай жауһарларын жинаған.  
Жасына емес, жаққа қарап, сөйлесе,  
Аталы сөз айтар болса топ жарып,  
Алты жасар баланы да тыңдаған.

Мұз тауынан мұнар көшкен мұң далам,  
Мұң даламда ізі жатыр Шыңғыстың,  
Тағдыр өзі тасқа ұрып шыңдаған.  
Бейбарыстың жебесіндей сынбаған,  
Түркі жұрты – сайын далам, құм далам.  
Қыран едім қиындықтан қыңбаған,  
Құлан едім құба-дала шыңдаған!  
Жылан едім айбаты есті шырмаған,  
Құлан-далам, жылан-далам, құм далам,  
Құйының боп құладүзде жынданам!!!

### III

Жерде Ұмай, көкте Тәңір жарлығы,  
Құзырына алған жансыз-жандыны.  
Көне Тұран Даласының төрінде,  
Туын тікті енді Қазақ хандығы.  
Жәнібек, Керей сұлтандарым,  
арысым,  
Қара қазан, сары баланың қамы үшін,  
Атқа қонды отқа қайрап намысын!  
Аталардың ақ сақалын жас жуып –  
Тұран жұртын сақтап қалу – басты үміт.  
Қазақия сол арманның бастауы,  
Көк Түрікке көз алартқан қас жауы.  
Қасындағы бауырына қас қылып,  
Жүргендер көп қойынына тас тығып.

О, боз далам, таусылмаған арманы,  
Күндер өтті құлазыған тарланы.  
Жау табанын бастырмайын деп едім,  
Жан сарайын аштырмайын деп едім,  
Қан сасыған етігімен есердің,  
Бал бұлақты кештірмейін деп едім,  
Құба талды кештірмейін деп едім.  
Қара бұлт торлағанда күнімді,  
Қара дауыл тұншықтырып үнімді,  
Қара тұлпар астымдағы сүрінді,  
Қараорманым сынбаса да бүлінді.

Алты Алаш бір Алаштан тумап па ек,  
Белімізді боз жусанмен бумап па ек.  
Қу саясат шерге салды шырмап көп.  
Аярлыққа құлақ асып тыңдап па ек?!  
Жаралғаным рас болса асылдан,  
Үш кессең де, кесерткіге бас ұрман!  
Табыл Алаш, табыл досым қасымнан!  
Жауларыма бас ие алман басынған!  
О, боз Далам, жебе сыйла жасыннан!

Қыз-жігітке жараспай ма перілік,

Жоңғарлардың зәре-құтын қашырған.  
Сақпан сыйла, оқ жаудырап тасымнан,  
Тасын борат тауларымның ашынған.  
Оқ пен оттан мың өліп, мың тірілдім,  
Өзегі сол менің өлмес жырымның.  
Күйіп кетіп, күлден қайта жаралған,  
Қасиетті феникстің бірімін –  
Өйткені мен өлген жоқпын, тірімін!

Кешегі Алаш арыстары қасқайып,  
Айтып өткен өлмес Дала жырымын!

Абылаймын басын қосқан Үш Жүздің.  
Ынтымақ пен Бірлікте деп күш біздің!  
Төле, Қазыбек, Әйтекеңің тілімін,  
Бұхар сынды абыздардың жырымын!  
Қабанбай мен Бөгенбай һәм Наурызбай,  
Ерлігінің ескірмейтін сырымын.  
Өткенімнен алған өлмес тағылым,  
Қайнап тұрған мен Қазақтың қанымын,  
Ахмет пен Әлиханнның, Мағжанның,  
Кеудесінде жалындаған жанымын!  
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер аңсаған,  
Арайлаған Алаштың ақ таңымын!  
Шындық іздеп өрге тартқан даңғылмын,  
Құрманғазы, Сүйінбайлар жалғасы,  
Құланыяң Құлманбетпін,  
Жамбылмын!  
Мейірленіп күн иіскеген тұлымын,  
Қасиетті Қазақтың бір ұлымын!

Бопсалау мен бодандыққа төзбегем,  
Өзімдікі болды енді өз денем.  
Тәуелсіздік таңын көрдім көзбенен.  
Сол әсерді айту қиын сөзбенен...  
Бодандықтың талқан етіп қамытын,  
Өркіндікке жетті қазақ көздеген.  
Өтеуіне осы айтқанның бәрінің,  
Бостандықты баянды еткелі Тәңірім!  
Ерлеріміз барша Әлемнен дос тауып,  
Жаны дархан Қазақ Елін басқарып,  
Білімнен ғарышқа асып санамыз,  
Жаңа Ғасыр жырын шырқап Даламыз,  
Болашаққа жортып кетіп барамыз!

#### IV

Ұлылардың мекені, Аңыз-далам,  
Төле, Қазыбек, Әйтеке – абыз бабам!  
Солардың көмейінен бізге жеткен,  
өнегеден өмірлік маңызды алам!

Ерлік жырын маздатқан Бұхар-далам,  
Тілмен жауын жаныштап, бұтарлаған.  
Абылайдың ақ туын аспандатып,  
Көмекей-әулиенің құты арбаған.

Осылайша ұйытып бірлікке елді,  
Қансыраған жүрекке тірлік берді.  
Пірлер қолдап, әруақ ояңған соң,  
Тоз-тоз болып дұшпаны дүрліккен-ді.

Ақиқатты аңсаған Абай-далам,  
«Сөз патшасына» өзіңсіз қалай барам?!  
Төбе-төбе, төбе боп жатыр әне,  
Дүние үшін таласқан талай надан.

Жырлап жатқан көсіліп Жамбыл-далам,  
Күмбірлейді күмбездер сан мыңдаған.  
Жүрегімнің қанына қалам малып,  
Ғұсни-сырын жанымның жаздым саған.

Рухыңмен жебей гөр ақын ұлды,  
Келе жатыр арқаға артып мұңды.  
Өзегіңді қақ жарып туғаннан соң,  
Көрер дейсің өзіңнен артық кімді.

Көбе бұзар көк сүңгі – қаламыннан,  
Қан емес, жыр төгілер сағағынан.  
Боз даланы боздатып айлы түнде,  
Көкбөріге қосылып саламын ән.

# ЖҰМАҒҰЛ КӨКШЕБАЙҰЛЫ – ДІН ҒҰЛАМАЛАРЫНЫҢ БІРІ ЕДІ

**Қ**азір білім мен ғылым сан салаға бөлініп, олардың әр қайсысының өз білгірлері мен ғұламалары жіктелген заманда өмір сүріп келеміз. Сәл ертеректе қарапайым халық араларындағы саралы, саналы тұлғаларды өз бетінше атақтап, мадақтап, ғұлама деген сияқты қосымша дәріптеуші, ерекше үстем тұтушы атаулар беріп, бүкіл ауыл, аймақ оны қабыл алатын. Сондай ерекше жандардың бірі Жаркент өңірінде өмір сүрген Жұмағұл имам болатын. Ол ислам дінін жетік білуімен замандастарынан ерекшеленді. Дүниеден баяғыда озса да оны өңір халқы осы күнге дейін әулие, ғұлама еді деп еске алады.

## Ілім құған жас

Жұмағұл Көкшебайұлы 1894 жылы Жаркент өңіріндегі Қоңырөлең ауылында дүниеге келген. 7 жасынан бастап әкесі Көкшебай сол кездегі Жаркент өңіріндегі Сайранқұл, Қасымбек, Жанайбек деген білгір атақты молдалардан хат танытып, оқи, жаза білетін жағдайға жеткізеді. Жұмағұл зеректігімен, алғырлығымен Құранды терең танып, барлық шарттарымен дұрыс оқып, толық аударып шыға алатын болды. Аттары аталған қазақ молдаларының білетінін толық меңгерді. Одан соң әкесі Көкшебай Жаркент қаласында мұсылман балаларын өте жақсы оқытып, жоғары білім беретін, ислам дінін үйрететін медресе бар деп естиді. Көкшебай баласын осы медресеге оқуға береді. Ол медреседе оқитын балаларға ұлты ұйғыр, халық «Бұлбұл қари» деп атап кеткен Бұхар Шарифтегі ең жоғарғы ислам дінін оқытатын мектепті бітіріп, одан Меккедегі ислам дінін оқытатын ең жоғарғы мектепте үш жыл оқып келген Лутполла қажыдан сабақ алады. Ол «Мен білетін білімді үйреніп болдыңдар, медресені оқып бітірдіңдер, енді емтихан алып білімді қалай меңгергендеріңді сынап көріп, куәлік беремін» деп, мамыр айында Жаркент өңіріндегі барлық білімді молдаларды шақырып, солардың қатысуымен емтихан алып, сынап көреді. Емтиханға ұлты әр түрлі жетпіс бала қатысқан. Сол жетпіс баланың ішінде бірінші орынды Жұмағұл Көкшебайұлы жеңіп алып, куәлікпен қоса ақшалай және заттай сыйлықтар алады.

## Түрмедегі керемет

Жаркенттегі медресені бітіргенде Жұмағұл 18 жаста болатын. Содан бастап ол кісіні әрбір ауыл имам етуге құштар еді. Тіпті таласып, жанжалдасатын кездері де болған. Содан Суанның игі жақсылары мен болыс, билері ақылдасып, әр ауылда үш жылдан имам және мұғалім болып, балаларды оқытып, ислам дінін үйретеді. Алдымен Бұрхан ауылында үш жыл, Шежін

ауылында үш жыл имам және мұғалім болады. Кейін оны Жаркент уездік дін мекемесі шақырып, қазы, муфти деген атақ беріп, имам мәзім, мутауалилерді сайлап, жұмысын қадағалап отырумен қоса, ислам дінінің халық арасында дұрыс жүргізілуіне басшылық етуді тапсырады.

Бірнеше жыл осы жұмысты істеп жүргенде заман өзгеріп, Кеңес өкіметі құрылып, би, болыс, бай, кулактар мен қожа, молда, төрелерді құрту керек деген заң шығады. Оларды қамауға ала бастағанда, Жұмағұл Көкшебайұлын да молда деген атпен ұстап, бес жыл Жаркент түрмесіне қамаған. Жұмағұл молда жатқан бесінші камераға түнде құлпы салып, кілтін алып кеткен милиционер ертесінде ертемен келсе, құлпы ашылып жерде жатады. Молда қашып кеткен шығар деп ішке кірсе, молда тып-тыныш ұйықтап жатады. Молданы оятып құлпыны кім ашты деп сұраса, молда білмеймін, мен далаға шыққаным жоқ дейді. Аң-таң болған милиционер кешке тағы да есікті құлпылап, мұқият тексеріп, сілкілеп қарайды. Құлпы толық салынған. Кеше шала жабылған шығар, бүгін құлпы ашыла қоймас, деп ойлап, кілтін алып үйіне кетеді. Ертемен келсе құлпы тағы да ашылып жерде жатады. Милиционер бастығына болған жағдайды айтса, ол ашуланып, өтірік айтасын, кешке өзім барып құлпы саламын деп жібереді. Кеш батқаннан кейін түрме бастығы Самойлов деген орыс өзі барып, құлпыны мықтап салып, ертемен түрмеге келіп қараса, құлпы ашылып жерде жатады. Самойлов таң қалады да тағы екі күн құлпыны өзі салып көреді. Күнде ертемен келсе құлпы ашылып жерде жатады. Самойлов бұл молда қасиетті Адам екен, бұл кісінің есігіне құлпы салудың қажеті жоқ, бірақ қашып кететін шығар, бақылап көрейік деп түнімен күзет қойып қаратады. Бірақ молда қашпайды. Самойлов бұл кісі қашпайтын сенімді адам екен деп, қамаудағы жұмыс істейтін адамдарға бастық етіп қояды. Күнде ертемен қамаудағыларды жұмысқа алып барып, жұмыс істетіп, кешке қайтып алып келіп тұрады. Сонымен белгіленген мерзімді уақыты толып, түрмеден аман-есен босап шығып үйіне келеді.

## Ислам діні министрінің орынбасары

Ауылына келгеннен кейін шаруашылығына қарап, тіршілігін жасап жүргенде, туған-туыстарымен Қытайға өтіп кетеді. Қытайға барғаннан кейін Қорғас ауылындағы үлкен өзендердің бірі, Кеген өзенінің бойындағы Әміре, Сүлеймен, Дәуіт деген кісілер салдырған мешітке имам болып және ислам дінін оқытатын мұғалім болып істеді. Шығыс Түркістан өкіметі тұсында Ислам діні министрінің орынбасары болып қызмет етті. Ахун деген атақ берілген. Одан соң Лаусагун ауылының шетіндегі қазақ мешітіне имам болды.

1957 жылы бүкіл қытайлық әр түрлі діндегі дін басылардың құрылтайына Шыңжаң Өлкесінен делегат болып Пекинге барған.

Қытайдағы Қазақстан азаматтары еліне қайтқанда, отбасымен бірге Қазақстанға көшіп келіп, Қоңырөлең ауылына орналасады. 1962 жылы ауырып қайтыс болып, Қоңырөлең ауылындағы бейітке жерленеді. Жұмағұл атамыз қытайдан келгенде ұйғыр, дұнған, шешен, халықтары қазақтың ғұламасы келді деп әңгіме жасаған көрінеді. Баласы Нұрмәулен Жұмағұлұлы ауданымыздың бас имамы қызметін жиырма бес жылдай атқарды. Егеменді ел болғанымызда алғашқылар қатарында қажылық міндетін өтеп келген болатын.

**Қабди ЖАЙШИБЕКОВ,  
Сатыбай МЫРЗАХМЕТОВ,  
Панфилов ауданының  
«Құрметті азаматтары».  
Амангелді ТУМАБАЕВ,  
кәсіпкер**



**К**ұрманбеков Әлібек Ізтайұлы – Алматы облысы, Панфилов ауданы, Әулиеағаш ауылындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы. Бразилияның Гамбург қаласында өткен «Mostrates» халықаралық байқауында математика пәні бойынша III орын иеленген. Әлемнің 48 мемлекетінен 1000 оқушы қатысқан жарыста отандасымыз математика саласында жаңа формула ойлап тауып, ел мерейін үстем етті. Жастайынан ғылым жолына түсіп, биік белестерді бағындырып жүрген жерлесімізбен арнайы сұхбаттастық.

– **Әлібек жұмыстарыңыздың басты мақсаты қандай?**

– Жұмысымыздың мақсаты функцияның барлық түрлерін нақтылай отырып, зерттеу жасау, Коши теңдеуінің жалпылама нұсқасы болып саналатын Пексайдер теңдеуін кең көлемде қарастыру. Осы жұмыс барысында сызықтандыру әдісін жетілдіре түсу. Күрделі функционалдық теңдеуді шешуге мүмкіндік бере отырып, күрделі теңдіктердің шешімін табуға жол ашу.

– **Формуланы қандай ғылыми негізге сүйене отырып ойлап таптыңыз? Қандай еңбектер негізінде сіздің жұмысыңыздың дұрыстығы дәлелденді?**

– Чарльз Бэббидж математикалық есептеулерді екі типке бөліп қарастырады. Тура және кері әдіс. Мысалы, дәрежеге шығару тура, түбірден шығару кері жол болып саналады. Егер мән берер болсақ, тура әдіспен амал орындау әлдеқайда жеңіл. Бэббидж бұл мәселерді шешу үшін функционалды теңдеуді қолданған. Өзіндік формулалар мен шарттарға сүйене отырып, тура әдістің керіден әлдеқайда оңай екенін дәлелдеп, шығару жолын тапқан. Біз Чарльздің әдісіне толықтырулар енгізе отырып, есептеудегі үлкен мәнге ие Линеаризациялау тәсілін қолдана отырып, ғалымның формуласын жаңғыртып, есептеу процесіне қайта енгіздік.

– **Чарльз Бэббидж әдісіне қандай түрлендірулер енгіздіңіз? Жаңа формулада ескі нұсқаның қандай бөліктерін қолдандыңыз?**

– Бэббидж кез келген санды түбірден шығарып, дәрежелі формулаларын ойлап тапқан кезде қазіргідей компьютерлік бағдарламалар болмаған. Сондықтан ол басты нысан ретінде функционалдық теңдеулерді алған болатын. Біз осы әдісті қарастыра отырып көптеген толықтырулар жасадық. Мәселен, орбита ұғымын енгізу арқылы, функционалдық теңдеулердегі өте қиын есептердің шешілуінің жеңіл жолын ойлап таптық.

## ЖАРКЕНТТІК ОҚУШЫ ЖАҢА ФОРМУЛА ОЙЛАП ТАПТЫ



Функционалдық теңдеулер класын ашқан Коши идеясын дамытып, теңдеулер класын көбейтіп, жаңа формулалармен толықтырдық. Жаңа теңдеулерге Пексайдердің атын бердік. Және Коши мен Пексайдердің теңдіктерінің ортақ бөлігін тауып, оны шешудің жаңа амалдарын шығардық.

– **Математиканың ерекшелігі неде деп ойлайсыз?**

– Меніңше математикадағы басты ерекшелік өте қиын деп санайтын есептерді шешудің түкке тұрғысыз жеңіл жолының бар болуында. Бірақ ол жолды екіншісі бірі таба бермейді. Алайда бір кіріп кетсең математика әлемінен шығу өте қиынға соғады. Өйткені, бұл саланың біз білмейтін қызықтары, тылсым сырлары өте көп. Әр есеп өзінің сиқырымен баурап алады. Меніңше есептің жауабы бірінші, өзі артынан дүниеге келетін сияқты. Сондықтан да бұл ғылым саласын таңдаған адамға ешқашан өз дегенінен қайтпау керек. Сол кезде ғана барлық сұрақтарына жауап таба алады.

– **Бразилиядағы байқау несімен ерекшеленді, басты қарсыласыңыз кім болды?**

– Мен үшін байқаудың басты ерекшелігі отанымның намысын қорғауымда болды. Білім додасымен шетелге алғаш рет шыққандықтан, өзімнің ата-анамның, ұстаздарым мен туған-туыстарымның үмітін ақтау маңызды болды. Өзіңнің жұмысыңа сенімді болсаң да, қарсыластарыңның қандай екенін, олардың жобаларының дәрежесі қаншалық екенін білмейсің. Ең әуелі қорқыныш сезімі басым болды. Алайда, байқау басталғаннан кейін Қазақстандық оқушылардың әлдеқайда мықты екені бірден сезілді. Дайындығымыз өте жақсы болды. Басты қарсыласым Бразилиялық оқушы болды. Алты айға жуық уақыт күн-түн демей есеп шығарып, бар күшімді байқауға арнадым. Ең бастысы өз-өзімді жеңе алдым. Алдағы уақытта Қазақстаннан шыққан ғалым деген атақ алып, елімнің мақтанышына айналғым келеді.

– **Математиктің бойында қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыз?**

– Ең бірінші адамның бойында білімге деген құштарлық болуы керек. Екіншіден нақты мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында аянбай еңбектенуі шарт. Қандай адам болмасын осы екі қағиданы ұстанған жағдайда ғана биіктерді бағындырады деген ойдамын. Меніңше әрбір қазақ баласының бойында талант, дарын бар. Тек оны ояту, дамыту ата-анасы мен ұстаздарының қолында. Осы тұрғыдан менің қабілетімді шыңдап, бір белесті бағындыруыма атсалысқан адамдарға алғыс айтқым келеді.

– **Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз бар?**

– Биыл 11 сынып оқушысымын. Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша Жоғарғы оқу орнының студенті атансам деген ойым бар. Бірақ бұл математикадан алыстап кетемін деген сөз емес. Қолдан келсе бәріне үлгеруге болады.

Дана РУСЛАНҚЫЗЫ

### Газетіміздің жас оқырманы – Манас Айзере Нұрланқызы



#### ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті оқырман, «Жаркент айнасы» газетіне құттықтау, жарнама қабылдаймыз. Тел.: 8/777/971-57-67

Газетке жазылу индексі: 65161



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ  
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК  
Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ  
Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ  
Бас редактордың орынбасары –  
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ  
Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:  
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.  
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
➤ Газет индексі - 65161  
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.  
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.  
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:  
Алматы қаласы,  
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис  
Алматы облысы, Жаркент қаласы,  
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер  
Тел.: 8/705/412-78-48;  
8/705/277-16-91;  
8/777/971-57-67  
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.